

## «Premier», «First» және «Exclusive» қызметтер пакеттеріндегі Bereke артықшылықтар бағдарламасы

Бағдарламада Жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарында, «Premier», «First» және «Exclusive» Қызметтер пакеті аясында кешенді қызмет көрсету туралы өтініште/шартта және «B-Bonus» Бейілділік бағдарламасының ережелерінде белгіленген, сондай-ақ келесі ұғымдар қолданылады:

**Жаңадан ашылған карта** - «Premier», «First» және «Exclusive» Қызметтер пакетін рәсімдегенге дейін қолданыстағы Картасы болмаған Клиент Картасы.

**Қонақ** – Lounge Key бағдарламасы бойынша бизнес-залдарға және СІР-ке кірген кезде Клиентті сүйемелдейтін тұлға.

**Карта** – Банк Клиент атына шығарған VISA Infinite/ Mastercard World Elite негізгі премиум картасы.

**Клиент** – Банк атына ағымдағы шот ашқан және Карта шығарған жеке тұлға.

**Кіру** - Lounge Key бағдарламасы бойынша (әуежайлар тізімі [www.loungekey.com/we-kz](http://www.loungekey.com/we-kz) сайтында жарияланған), сондай-ақ Ресей мен Қытай аумағында Every бағдарламасы бойынша (әуежайлар тізімі <https://every.ru/> сайтында жарияланған) әуежайлардың бизнес-залдарына кіру рұқсаты. Қонақ Клиентпен бірге ғана кіре алады.

**Орташа күндік қалдық (бұдан әрі – «ОКҚ»)** – бұл Клиенттің Банкте ашылған барлық шоттарындағы (карталық, жинақ, ағымдағы, металл) күнтізбелік күнгі ақша қаражатының қалдықтарының сомасының айдың нақты күндеріне қатынасы.

**Трансфер** – ҚР қалалары бойынша әуежайдан немесе әуежайға дейінгі жол жүру.

**СІР** - қолайлы ұшып келу және ұшып кетуге арналған Ақтау және Қостанай қ. халықаралық әуежайларының залдары.

### Негізгі ережелер

1. «Premier», «First» және «Exclusive» қызметтер пакеттеріндегі Bereke артықшылықтар бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) Банк белгілейді.
2. Клиенттер Бағдарламамен және «Premier», «First» және «Exclusive» қызметтер пакеттері (ҚП) бойынша басқа хабарламалармен Банк сайтында және қашықтан кіру жүйесінде өз бетімен танысып шығады. Картаны пайдалана отырып операциялар жүргізу Клиенттің Бағдарламамен танысып шыққанын және оның шарттарымен келіскенін білдіреді.
3. Банк Бағдарламаның жаңа редакциясын Банк сайтында және/немесе қашықтан кіру жүйелерінде жариялау арқылы Клиенттерге бұл туралы хабарлай отырып, Бағдарламаның қолданылуын біржақты тәртіптен тоқтата тұруға немесе оған өзгерістер енгізуге құқылы. Бағдарламаға кез келген өзгерістер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді. Бағдарламаның жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің Картаны пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің Бағдарламаның жаңа талаптарымен келіскенін білдіреді.
4. Mastercard ХТЖ-дан Карталар бойынша артықшылықтар көрсетілген ХТЖ белгілеген тәртіпте және талаптарда ұсынылады <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/premium-cards.html> сайтында жарияланған).
5. ҚП-да Банк Картамен Өту және Трансфер ақысының төлемі үшін құнының 100% мөлшерінде Бонустарды есептеу бойынша қосымша артықшылықтар, сондай-ақ Бағдарламада қарастырылған талаптар мен шектеулер есебімен тегін қызметтер береді. Банктен қосымша артықшылықтар ағымдағы айда алдыңғы толық күнтізбелік ай үшін ОКҚ сақтаған кезде беріледі (жаңа ҚП мен Жаңадан ашылған Карталар есепке алынбайды).
6. Бонустарды есептеу бойынша шектеулер:

Ай сайынғы лимит	Карта қолданысының толық айы үшін ОКҚ*		
	〒20 000 000,00 дейін	〒20 000 000,00 бастап	ж. 〒50 000 000,00
Өтуге лимит	-	айына 2 адам	айына 10 адам
Трансферлерге лимит («Такси» санаты MCC 4121)	-	Айына 2 трансфер	Айына 4 трансфер

\*жаңа ҚП және Жаңадан ашылған карталар бойынша ОКҚ Бағдарламаның 14-т. сәйкес есептеледі.

\*\*бір сапар үшін 7 500 Бонустан артық емес

7. Бағдарламаның 6-тармағына сәйкес ай сайынғы лимит әр/кез келген күнтізбелі күнге қолданылады. Егер ҚП айдың 10-шы күніне дейін ашылса, ай сайынғы лимит ол айға қолданылады. Егер ҚП айдың 10-шы күнінен кейін ашылса, ай сайынғы лимит келесі айдың соңына дейін қолданылады.

8. Lounge Key бағдарламасына қосылған бизнес-залдарға кіру рұқсаты Клиентке ол Картаны көрсеткен жағдайда тегін беріледі, Қонақ үшін Өту ақысын Клиент бизнес-залда белгіленген тәртіпте және талаптарда жүзеге асырады. Клиент СІР-залға өту ақысын өзі және Қонағы үшін СІР белгілеген тәртіпте және талаптарда жүзеге асырады.

9. Every бағдарламасына қосылған бизнес-залдарға кіру рұқсаты Клиентке және қонақтарға Клиент Банкке жүгінген кезде Банк қызметкерлері ол үшін алдын ала құрған QR-ды көрсеткен кезде тегін беріледі.
10. Трансфер үшін Бонустардың есептелуі үшін Клиент өзінің жеке менеджеріне Картаны пайдалана отырып Трансфер ақысын төлегені туралы хабарлауы тиіс (телефон/мессенджер), хабарлау мерзімі - ағымдағы айдың соңына дейін.
11. Бонустар Клиент Өту/Трансфер ақысын Карта арқылы төлеген кезде есептеледі. Өту/Трансфер ақысын басқа тәсілмен/ басқа төлем карталарын пайдалану арқылы төлеген жағдайда Бонустар есептелмейді.
12. Пайдаланылмаған Өту және Трансферлер саны жинақталмайды және әр күнтізбелік айдың қорытындысы бойынша күші жойылады.
13. Өту және Трансфер үшін Бонустар сомасы Банктің «B-Bonus» Бейілділік бағдарламасы бойынша лимитіне кірмейді.
14. Клиенттің банктік шоттарында шектеулер/тыйым салулар болған кезде Банк бонустарды есептемеуге құқылы.
15. Жаңа «Premier», «First» және «Exclusive» ҚП және Жаңадан ашылған Карталар үшін ОКҚ жиынтық түрде ашылған күннен бастап алғашқы екі ай үшін есептеледі. Бұл ретте бірінші толық емес айдың (ҚП/Карта ашылған ай) ОКҚ есептеу үшін ашылған күннен бастап нақты күндер саны есептеледі. Бонустар үшінші күнтізбелік айдың 15-ші күніне дейінгі мерзімде есептеледі.
16. Кейін Бонустар келесі айдың 15-ші күніне дейінгі мерзімде есептеледі.
17. Клиенттің Бағдарлама талаптары бойынша Бонустардың есептелуіне байланысты кез келген шағымы бойынша Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Бонустардың дұрыс сомасын есептеумен шектеледі. Банк даулы операция бойынша тергеу аяқталғанға дейін Клиентке Бонустарды есептеуден бас тартуға (бонустық шотты бұғаттауға) құқылы.
18. Банк «B-Bonus» Бейілділік бағдарламасында көрсетілген жағдайларда және/немесе Бағдарлама талаптарын теріс пайдаланған жағдайда (Клиенттің Бағдарлама талаптарын бұзатын іс-әрекеттері (Банктің пікірінше), алаяқтық іс-әрекеттерді жасау) Бонустарды есептеуден (беруден) бас тартуға, сондай-ақ кез келген Клиентті Бағдарламаға қатысушылар қатарынан алып тастауға құқылы. Бұл жағдайда Банк Клиенттің залалдары/шығындары үшін жауапкершілік көтермейді.